

ӘБДІҒАЛИ САРИЕВ

АСУ

Өлеңдер, айтыстар, дастандар

**«Жазушы» баспасы
Алматы – 1988**

84 Қаз 7–5
С22

Құрастырған
ШАЙЫМХАН САРИЕВА

Ізгі жазғандар:
ХЕСНАЕВ, ТАЛШЫСБАЕВ

Сариев Әбдіғали.
Асу. Өлеңдер / Құраст. Ш.Сариева. – Алматы: «Жазушы»,
1988. – 152 бет, суретті, портр.
Қайта басылды, «Molia&DOS» ЖШС баспасы, 2021

Әбдіғали Сариев (1900–1964) – Сүйінбай, Жамбыл дәстүрінен тәлім алған халық ақыны. Ол бала кезінен кедейлік тақсыретін тартып, Ұлы Октябрь әкелген азаттық өмірді қуана қарсы алды, ауылды советтендіру ісіне белсене араласып, жаңа қоғамның жалынды жаршысы болды.

Кітапқа ақынның әр жылдарда жазылған шығармалары іріктеліп алынды.

84Қаз 7–5

С $\frac{70403-102}{402 (07) 76}$ 73–76

ISBN 5–605–00099–3

© «Жазушы» баспасы, 1988
© «Molia&DOS» ЖШС баспасы, 2021

ӘКЕ АМАНАТЫ

1956 жылдың жазында белгілі ғалым Есмағамбет Ысмайылов бастаған бір топ ақын-жазушылар ел аралап жүріп біздің ауылға келді. Сол жолы Есағаң мен әкем екеуі колхоздан ат алдырып, жайлауға шықты. Таза ауада, салқын самалда, гүлдері жайнаған көк майсада бір айдай болып, қымыз ішіп, тынығып қайтты.

Қарақыстақ селосының күншығыс жағындағы «Қызылауыз» сайына шөп шабуға барғанымызда әкем мынадай әңгіме айтты:

«Сарының әкесі Нұрымбет атамыз Текестегі ұйғырлардан бір тақия тары әкеліп, Қарақыстақ өзенінің суын бұрып, осы жерге екен екен...

Ол кезде мен он үш жаста едім. Сол тары кейін осы өңірдегі халықтарға тарады. Ал, өзеннің бекітілген жерін көпшілік Бұрған деп кетті де, оның тұрғындары Жетісуда Октябрь революциясы жеңісінен кейін алғаш мойынсерікке, одан артельге бірікті. Коллективтендіру кезінде «Бұрған» колхозы болып, кейін «Октябрь» совхозына қосылды.

Біздің үрім-бұтағымызда әнші, ойынан өлең шығарып айтатын ешкім болмаған. Екейлер ішіндегі бақсылық пеп ақындық маған қонса керек. Бала кезімде ақ ауыл арасындағы шілдехана жасау, келін түсіру, ас-жиын өткізу сияқты сөз шеберлері бас қосқан тойларға, ойын-сауықтарға жиі бардым. Тай мен танаға мініп жарапазан айттым.

Өстіп жүргенде әкем өмірден өтті. Шешемнің сырқаты күшейіп күн көрісіміз нашарлаған соң, Шалтабай деген байдың қозысын бақтым. Табаннан сыз, маңдайдан күн өтіп, жонымды қамшы, табанымды тас тілді. Күйкі өмір, мендей түскен жара көңілімді қобалжытты. Бір күні Керегетастың қойнауында

kozyларды жусатып тастадым да, ұшпа тастың үстіне шығып, көрген қиындығымды:

Жайлаудың төрі беткейлі,
Тұлпарға қолым жетпейді.
Жонымды қамшы тілгенде
Көкейден әкем кетпейді, –

деп өлеңге қостым.

Күн батуға жақындағанда қозыларды ауылға өргіздім. Мұздысайға келгенде әкем тастан қалаған биік белгіні көрдім. Осы жерде талай рет әкемнен естіген Сүйінбай сазын есіме түсіріп, ағыл-тегіл жылай бастадым...

Байқамаппын, қозылар қотанға жақындап қалыпты. Төлдер енелеріне қосылып у-шу болып жамырай бастағанда Шалтабайдың қара тоқалы алдымнан шығып, жер-жебіріме жетті. Тор жорғаны тайпалтып қасыма келген біреу көк шыбықпен көсілтіп өтті. Жан ұшыра қасыма жеткен анам шапанын басыма жауып, құлаған жерімнен көтеріп алды.

Түнімен жылап шықтым да ертеңгі шайда анама былай дедім:

Жайлаудың төсі беткейлі,
Малы көп байлар ет жейді,
Әкесіз жүрген жетімге
Әкіреңдеп әркім «кет» дейді.

Анам: «Мұны ешкімге айтпа» деп жалынды. Біраз уақыт үндемей жүрдім де бір күні жолдастарыма айттып бердім. Ал, олар көпшілікке таратты... Алғашқы өлеңім өмірге осылай келді».

Осыдан кейін әкем Алматыға барды. Астанадан оралысымен қасына шақырып:

– Өткендегі айтқандарым есінде ме? – деді шашымнан сипап

– Иә.

– Онда бүгіннен бастап менің «көзім» мен «қолым» боласың.

Түскі шайға қанған соң қасына отырғызды да алдыма қағаз қойды, қолыма қалам берді. Тасқа басылған кішкене кітапшаны қолына алып, былай деді:

– Мынаны өткенде жайлауда тыныққан атаң берді. Ол кісі үлкен ғалым, белгілі зерттеуші. Алдағы уақытта Сүйінбай, Жамбыл және біз туралы кітап жазбақшы. Ес-атаң Алматыдағы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында қызмет жасайды. Мен сияқты халық ақындарының өлеңін жинайды, өмірін, ақындық жолын тексереді Ал, Жамбыл атаң туралы жазғандарын өзін де көрген шығарсың...

Енді мынада көрсетілген сұрақтарды оқы да, менің айтқандарымды астына жазып қой.

– Бірінші сұрақ: «Қысқаша өмірбаяныңыз: жасыңыз, туған жеріңіз, ата-тегіңіз, кәсібіңіз?»

– Жаз, балам. Мен – Әбдіғали Сариев 1900 жылы 1 январьда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ селосында тудым. Әкем Нұрымбетов Сары – 1917 жылы, шешем – Салиха 1922 жылы қайтыс болды.

Ауылымызда Совет өкіметі орнағанға дейін байдың қозысы мен қойын бақтым, одан соң егін сәлып, күн көрдім.

1919 жылы ескіше хат таныдым. Жергілікті советтің хатшысы, артельдің есепшісі бола жүріп, латын жазуын игердім. Қолыма түскен кітаптарды оқуға құмарғтым. Сүйінбай, Жамбыл, Өмірзақ айтқан өлең-киссаларды, айтыстарды жаттап алып, қағазға түсірдім. Ақындардың аудандық облыстық, республикалық айтыстарына қатыстым. «Тілші», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болдым.

1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының бірінші съезіне бардым. Сол жылы СССР Жазушылар одағына мүшелікке алындым.

...Кейін қарасам, көлемі қырық беттік осы кітапшада жүзге жуық сұрақтар жазылыпты және ол

«жаңадан жазылатын халық ауыз әдебиетінің тарихында халық ақындарының өмірін және ақындық қызметтерін зерттеу үшін» дайындалыпты.

Осыдан кейін әкем академияның мамандарынан жиі-жиі хат алатын болды. Солардың сұрауы бойынша халық арасына кең тараған шежірені, ауыз әдебиетінің үлгілерін, жеке ақындардың әдеби мұраларын жинап, араб әрпімен түсіргендерін өзі оқып, маған көшіртумен болды. Солардың бәрі де қазір М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының архивінде сақтаулы тұр.

Ауыл ағасы болса да әкеме семья ауыртпалығы көп түсті. Себебі шешеміз Фатима 1953 жылы дүниесалып, «қызыл шақа, сары ауыз» бүлдіршіндермен қалды... Қағазға түсіргендерін – академияға, жазғандарын – баспаға, газет-журналдарға жібергенімен, оларды жеке кітап ретінде шығаруға мүмкіндігі болған жоқ. Көбіне ақын-жазушыларға, журналистерге, әдебиетші-ғалымдарға сенім артатын. Әсіресе, Есмағамбет Ысмайыловты, Бейсенбай Кенжебаевты туысындай сыйлайтын. Олар да жиі-жиі ауылға келіп, дәмдес, дастархандас болатын. Жетісу мен қырғыздардың белгілі адамдары арасындағы сансалалы оқиғалар туралы пікір алысатын.

Есағаң өзі құрастырған, алғы сөзін, түсініктемелерін жазған халық ақындарының жинағын, Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосына арнаған мақалалары мен зерттеулерін ала келетін. Оларға өзі жіберген Сүйінбайдың, Жамбылдың, Кененнің, Үмбетәлінің, Саяділдің, Өтептің өлеңдері, Төле би мен Бөлтірік шешеннің сөздері болғандықтан әкем қуанып жүретін.

1951 жылы таңдамалы өлеңдері мен толғаулары жеке кітап болып жарияланды. Содан кейін бұрынғы

жазғандарын қайта қарап, өзінің толық жинағын дайындауға отырды. Машинаға бастырып, Есағаңа жолдады. Ал, «Асу» поэмасын әдебиет зерттеуші ғалымдар жоғары бағалап, хат жолдады:

«Поэма тарихи тақырыпқа арналған. Онда Жетісу елінің Россияға өз еркімен қосылуы тұсындағы оқиғалар мен жайлар суреттеліпті. Сондай-ақ Қоқан ханы мен Құдиярдың қазақ еңбекшілерін зар еңіреткен зорлық-зомбылығын ақын ашына жырлайды. Ұлы орыс халқының әсерімен тізе қоса отырып, қазақ халқының Қоқан хандығына қарсы ерлік күресі тарихи шындық шеңберінде сөз болды. Поэмада орыс және қазақ халқының достығы нанымды көрсетілген.

«Асу» эпостық пландағы, халық ауыз әдебиетінің дәстүріндегі шығарма. Мұны қазіргі ауыз әдебиетіндегі жаңа көріністің бірі деуге болады».

Сол жылдары әкемнің денсаулығы күрт нашарлай бастады. Жасының ұлғайғанын, «ештеңе тындырмағанын», жаңа шығармаларын жарыққа шығарсам деген арманын айтып, кейіп те алатын. Соған қарамастан, өзінде сақтап жүрген қолжазбаларын қайта-қайта қарап, көшіртіп, машинаға бастыртып, 1963 жылы «Жазушы» баспасына тапсырды. Ал, 1964 жылы апрель айының үші күні өзі дүние салды. Әкемнің де, журналист баласы Бексұлтан бауырымның да денесі бабасы Нұрымбет пен Сарының қасына қойылды. Қаракыстақ селосының бір көшесі Әбдіғалидың есімімен аталды.

1976 жылы соңында қалған бай мұрасы негізінде әкеміздің шағын кітапшасын көпшілікке ұсындық. Сондай-ақ, ақынның туғанына жетпіс бес, сексен жыл толуы республикалық баспасөзде кеңінен аталды: мақалалар, ғылыми-зерттеулер жарияланды, радио мен теледидардан хабарлар берілді. Осыған қарамастан

Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы жұртшылыққа әлі де толық жеткен жоқ.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылғы 27 маусымдағы санында Әбекеңе мынадай достық әзіл жазылыпты.

Домбыра мен қаламы –
Екі бірдей қолқанат.
Қарт тілші – таудай талабы,
Үзбей жазған хабар-хат.

Газеттің штаттан тыс тілшілеріне арналған слетіне келгенде жазылған осы шумақты оқығанда әкемнің өмір жолы, творчестволық ізденістері еріксіз ойға оралды. Өйткені, ақындықты тұтас ғұмырым деп түсінген ол көзі жұмылып, жүрегі тоқтағанша қолынан домбырасы мен қаламын тастаған емес.

Ұлы Октябрь революциясының арайлы таңы атқанда:

Беркімді аттым аспанға.
Түн түнегі қашқанда.
Бір тосқан бар асқанға,
Қойшы, бала, жасқанба! –

деп, ақын кедейлердің, жарлы-жақыбайлардың қуанышына ортақтасып, өзінің азаматтық бет-бейнесін танытты. Оның өзіндік себебі де бар болатын.

Ол он үш жасынан өмірдің қиыншылығын көріп, жалшылықта жүрді, сондықтан өзін езілген таптың өкілі санады, солардың жоғын жоқтады, намысын қорғады. 1916 жылы Қастек болысындағы шаруалардың халық азаттық көтерілісіне қатысты. Оның қуанышы мен қиындығын көппен бірге көрді. Халық мұңын жоқтаған Қабанды ұстаз тұтып, Сүйінбай мен Жамбылдың шәкірті болған ол өз шығармалары арқылы әлеуметтік теңсіздікті әшкерелеп, кедейлердің ауыр тұрмысын көрсетіп, олардың мұң-мұқтажын жырлады. Жетісуда Совет өкіметі орнағанда:

Ленин елдің ері, данышпаны.
Болжаған болашақты алыстағы.
Әлемнің коммунистік ертеңі үшін
Ақылын, абзал ойын бағыштады, –

деп жырдан шашу шашты. Содан ауылда Совет өкіметін құруға, нығайтуға белсене қатысты. 1920 жылы Ұзынағашта өткен ақындар айтысын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1924 жылы «Тілші» газетінің оң алтыншы санында басылған алғашқы топтама өлеңдерінен бастап, аудандық «Большевиктік жол», облыстық «Жетісу», республикалық «Социалистік Қазақстан» газеттерінде шығармалары жиі жарияланды. Науқандық жұмыстарға белсене араласқан ол елді коллективтендіру, социалистік қайта құрылыс кезінде партиямыздың ұйымдастырушылық рөлін, халқымыздың ерлік ісін қызу насихаттады. Жердің жанарғанын, елдің өскенін:

Еңбекші таптан құралған,
Ерлігі күшті ел менде.
Қойыны толған қазына,
Ұлан байтақ жер менде, –

деп шаттана, шабыттана суреттеді. Ақынның мұндай өлеңдері едәуір. Мысалы, «Біздің елде», «Октябрь колхозы», «Дегерестің саңлақтары», «Қарғалы шұға комбинаты» осындай нақтылы өмірден алынған туындылар. Олардың арасындағы көлемді толғауға, көркем поэмаға ұласқандары да аз емес.

...1930 жылдың маужыраған жазында «Октябрь» колхозының мүшесі Сәндібала деген ақын келіншек қырғыз бен қазаққа танылған Өмірзақ Қарғабаев бастаған бірнеше ақындарды сөзден сүріндіріп, Әбдіғалиды арнайы шақыртады. Ол есіктен кіргенде:

Ауылым бар Алатау шеңберінде,
Бір жігіт табылмады тең келуге.

Зерігіп айтысуға адам таппай
Отырғанда, Әбеке, сен келдің бе?
Жолыңды көп уақыт күттірдің ғой,
Бесікке бала бөлеп жөндедің бе?
Өткір сөзге жасқанып, жауап таппай
Қалам деп өзіңе-өзің сенбедің бе? –

деп алқымынан алады. Алғаш абыржып қалған Әбекең бойын жинап, ойын жүйелеп:

Ақын көп ел ішінде болса керек,
Соның бірі өзіңсің жастан зерек.
Бірақ та өзінді-өзің көп мақтайсың,
Біз білмейтін жүйріктей жұрттан бөлек.
Келместен аяғымнан ала түстің.
Әуелі сәлем қайда жасқа керек? –

деп саңқылдай женеледі. Өнер бәсекесі шиеленісе түседі. Соңында Сәндібала жеңілгенін мойындап, Әбдіғали көптің құрметіне бөленеді.

Осыдан кейін Әбекең ауданда, облыста, республикада өткен ақындар айтысына жиі қатысады. Жамбылдық Кенен, талдықорғандық Қасымхан, қарағандылық Терімғалимен өнер бәйгесіне түсіп, мерейі үстем болады. Алматыда, Москвада өткен халық таланттарының слеттеріне барып, сөз зергерлерімен сынға түседі, көбінде жеңімпаздар қатарынан көрінеді.

1941 жылы фашистік Германия бейбіт жатқан Отанымызға тұтқиылдан шабуыл жасап, ел тағдыры, ер намысы сынға түсті ғой. Суық хабарды естігенде Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындары да отқа оранған Отанды, танкінің табанында тапталған жерананы, жәбір шеккен жазықсыз жандарды жаудан қорғап қалуға өжет үн қосты. Осы топтың алдыңғы қатарында Әбекеңнің де өз үні, өз сөзі естілді. Алғашқылардың бірі болып «Майданға шықты ерлерім», «Мен де қару асындым», «Жаудырдым оқты қаһардан».

«Тарт қолыңды», «Майдандағы ерлерге» сияқты патриоттық рухта жазылған публицистикалық толғауларын шығарып, газет-журналдарда жариялады.

Ақын соғыстың алғашқы күндерінде-ақ ерен ерліктің үлгісін көрсеткен жеке батырлар жайында көлемді, кесек шығарма жазуға отырады. Соның нәтижесінде «Капитан Гастелло», «Партизан Ғалым», «28-гвардияшылар» атты толғау-поэмалары республикалық баспасөздерде жарық көрді. Осы «Капитан Гастелло» толғау-дастаны халық ақындарының творчествосында Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған тұңғыш ірі шығарма ретінде бағаланды. Өйткені, күнделікті газеттерді үзбей оқитын Әбекең капитан Н.Ф.Гастеллоға Совет Одағының Батыры атағы берілісімен ол туралы орталық газеттерде жарияланған материалдардың негізінде туған бұл шығармасында өжет ұшқыштың психологиялық толғанысын, аспандағы алты жаумен жалғыз алысқан кезіндегі қайтпас қайсарлығын, жауынгерлік саналылығын сенімді суреттеді. Майдандағы жауынгерлерді, тылдағы еңбек адамдарын жеңіске жігерлендіріп, Отанымызды жан аямай қорғауға шақырды. Сондықтан дастан орыс тіліне аударылып, 1946 жылы Москвада пластинкаға жазылды. «Советский Казахстан» журналының 1947 жылғы жетінші санында басылды. Ал, «Партизан Ғалымы» халық ақындарының ішінде партизан өмірінен алынып жазылған алғашқы дастан болды.

Әбекең соғыс жылдары тылдағы еңбекшілер арасында жиі болып, «Халық қаһары», «Берік Отан», «Тау сілкінсе, тас бұзар» сияқты тыңдаушысына күшпен қуат қосатын, олардың жеңіске деген сенімін арттыратын толғауларын, «Қарасай», «Сұраншы», «Саурық батыр», «Кутузов», «Кекілбай батыр»,

«Партизан Ғалым», «Алатау», «Асу», «Қойшы» сынды толғау-дастандарын айтып жүрді. Ұлы жеңісті жақындатуға лайықты үлес қосып жүрген адамдар өмірінен «Дегерестің саңлақтары», «Бір колхозда», «Қарғалы», «Халықтар достығы» сияқты өлең, дастандарын ауызша шығарды және оларды кейіннен қағазға түсіріп, қайтадан қарады. Бұлардың үзінділері әр жылдары, Моңғол халық республикасында шығатын «Қазақ елі» журналында, сондай-ақ «Халық ақындары», «Ақындар», «Ақын жырлары», «Пернедегі термелер» жинақтарында жарияланды.

Әбекеңнің дастандары мен поэмалары оқиға, тақырып желісінің дамуы, идеясы жағынан бар бір-бірімен жалғасып, тұтасып жатады. Мысалы, Алатаудың аясында өскен Қарасай – жоңғарларға, оның ұрпақтары Сұраншы мен Саурық – қоқандықтарға қарсы күрессе, бұлардың үрім-бұтақтары Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісіне белсене араласады. Ұлы Октябрь революциясы жеңген соң қойшы, жылқышы, тоқыма комбинатының жұмысшысы және отты жылдардың батыл жауынгерлері мен партизаны ретінде фашистермен шайқасады. Яғни, жеке-жеке жазылған көлемді шығармалар тарихи дастандар тізбегін құрайды.

Әбекеңнің шығармашылық өнеріне тән тағы бір ерекшелігі – автордың және кейіпкердің атынан айтылатын монологтарда тарихи оқиғаларға негізделген шындықты батырлық жыр, шешендік толғау, терме үлгісінде жырлауы. Ауыз әдебиеті үрдісіндегі, халықтық сипаты басым мұндай ұшқыр, жатық шумақтар ақын творчествосында жиі ұшырасады:

Ақша қарды бұзуға
Жиілеп соққан жел керек.
Елді қорғап қалуға,
Жігерлі туған ер керек,...

Ақын мұраларында баспасөздің жергілікті тілшісі ретінде жазған сатиралық сын-сықақтар да мол. Өйткені, шаруашылықты аралағанда көрген кемшілікті, жалқаулар мен тоғышарларды, кежегесі кейін тартқан кертартпаларды өткір сөзімен, ұшқыр қаламымен түйреп отырады:

Қуанушы ек жаңалыққа баладай,
Айдан асты радиохабар тарамай,
Болып қалдық бұл күнде
Құлаққа ұрған танадай, —

деп, олқылықты жоюға тиісті орындардың тез араласуын талап етеді.

Жеке адамның мінез-құлқындағы, жүріс-тұрысындағы кемшілікті тез байқап, ондай әдеттен басқаларды сақтандырып отырады:

Эх, жазған, жазған,
Арақтан азған.
Трактор тұрғанда
Тұмсығымен жер қазған, —

деп, маскүнемдікті батыл айыптап, оның жетегіне ерген жеңілтектерді жеріне жеткізе, сүйегіне өткізе мысқылдайды.

Қорыта айтқанда, алғашқы өлеңін он үш жасында шығарған Әбдіғали Сариевтің барлық ғұмыры ұлы Ленинді, Коммунистік партияны, елдікті, ерлікті, халықтар достығын, социалистік қоғамның тамаша табыстарын, жаңарған заманның артықшылығын, совет адамының ізгі қасиеттерін жырлауға арналды. Ол өзінің ұстаздары Сүйінбай мен Жамбылдың озық ақындық дәстүрін ілгері дамытуға ат салысып, творчестволық жетістіктерге жетті, ақындық мұрасы ұрпақ игілігіне айналды.

Шайымхан САРИЕВА.

ӨЛЕНДЕР



КЕДЕЙДЕН ҚАРАҢҒЫЛЫҚ КЕТЕР МЕ ЕКЕН?

Бай, төре, билер отыр елді қысып,
Бұл күнде старшындар болды пысық.
Халықты зар жылатып ішіп-жеуде,
Жұлқысқан, ырылдасқан өңкей күшік.

Бір төре бес жүз есе жер алады,
Бас иіп, алдиярлап ел барады.
Жалданып жалшы байғұс күн көріп жүр,
Кім көріп бұл нашарға көз салады?

Білім аз кедейлердің баласында,
Күн көрген ақ патшаның қол астында.
Күн сайын кемтарларды барады езіп,
Құрымдай құлдық торы оңасың ба?

Төренің аға-інісі болыс, билер,
Қой сойған қонақасы даяр үйлер.
Солардың малын бағып, егінін сап,
Жалпаңдап жалынып жүр кедей, күндер.

Халықты бірдей көріп теңгермейді,
Патшаның ісі бар ма адам сүйер?!
Талпынып қолдан келер еш дәрмен жоқ.
Ісіне әділетсіз жаның күйер.

Молда да алдап елді семіріп жүр,
Кедейді би, старшын кеміріп жүр.
Мойнында жалтыраған сары жезі –
Жасауыл, стражник еліріп жүр.

Көз жасын елдің көрер адам жоқ па?
Судай боп кедей қаны төгіліп жүр.
Қаймығып қожайыннан сөз айта алмай
Иіні кедейлердің көрініп тұр.

Ішпеген тыныштықпен дәмді тамақ,
Тынбаған күндіз-түні салақ-салақ.
Қой бағу, егін ору, ас пісіру,
Дәм алып отыру жоқ бір күн қарап.
Ақырып бай қатыны балағаттар,
Егерде рұқсатсыз ішсе шалап.

Шығын деп би, болыстар салып жатыр,
Старшын оны жиып алып жатыр.
Етінде жейдесі жоқ кедей байғұс
Бұларды көтере алмай налып жатыр.
Не қылсын жылағанда, налығанда,
Теспестен қара жылан сорып жатыр.

Дүниеден өстіп кедей өтер ме екен?
Кедейге жарық сәуле жетер ме екен?
Байлардың құлдығында ғұмыр кешкен
Кедейден қараңғылық кетер ме екен?!
1916

АРТЫҚ

Адамның бәрі бір адам,
Деп айтамыз несі артық.
Сол адамның ішінде
Ақылдының десі артық.
Өнерпаз болса еңбекқор,
Ол миллион есе артық.

Өз жөнін білмес адам көп.
Ақ пейіл, адал, дос артық.
Үй мүлкінің қазынасы,
Жақсы әйелдің ісі артық.
Жаныңа жапа қылмаса,
Сары алтыннан мыс артық,
Самалы салқын соқпаса,
Таң сәріден кеш артық,
Көкорай шалғын бітпесе,
Егінің бітік шықпаса,
Қайырсыз жаздан қыс артық.
Майдандасып келгенде,
Жапыра жауды талқандар
Ерден ердің күші артық.
1917

ЖОЛДАС БОЛСАҢ ЖАҚСЫҒА

Талапты ерде бақ тұрар,
Бақытты елде ат тұрар.
Ақылсызға мал бітсе,
Бейілін жаман ап тұрар.
Қомағаймен ас ішсең,
Тоймайтындай оптығар.
Жолдас болсаң жақсыға,
Айтқанындай тақ тұрар.
Жолдас болсаң жаманға,
Бір бәлеге соқтырар.
Ауылдас болсаң долыға,
Мазанды күнде ап тұрар.
Өзінен басқа қара жоқ,
Жемейтін жерде от тұрар.
Мейірі жоқ туғанға,

Ішпейтін жерде ас тұрар.
Тарлығы жоқ дүниеге
Пейілді ерде дос тұрар.
Орын даяр жақсыға,
Барса есік бос тұрар.
Өсекшіл кірсе арана,
Досыңды әкеп қас қылар.
Дария болып тасымас,
Тастақ жерде қақ тұрар.
Қаумалап келсе көпшілік.
Шешен де болсаң састырар.
1922

АДАМДЫ ТҰРМЫС БИЛЕСЕ

Жабыдан жаман ат мінсең,
Жау қолында қалдырар.
Қайғыда болса ер жігіт,
Қара суды нәр қылар.
Ілікке жаман іліксе,
Көтеріп көңіл зор қылар,
Құр кеудеден не таппақ,
Өзіне өзі тор құрар.
Бірігіп кетсе көпшілік,
Бір ауызды талдырар.
Білімдінің белгісі
Жапырып жауды жықса да,
Мақтануға ар қылар.
Жігіттік шағың келмейді –
Қартайғанда зар қылар.
Адамды тұрмыс билесе,
Жібермес ойдың еркіне.
Қамырдай илеп нан қылар.
1936

ЖЕРДІҢ СӘНІ БОЛМАЙДЫ

Жердің сәні болмайды,
Мекендеген ел кетсе.
Жүк көтермес қара нар,
Азуы шалып бел кетсе.
Арғымақ – тулақ атанар,
Арығы асып, жал кетсе.
Ер аруақ атанар,
Бойдан қуат, әл кетсе.
Жұртта қалған жұрқа дер,
Ақ сұлудан әр кетсе.
Жарық та болса қараңғы,
Екі көзден нұр кетсе.
Ит жемі болар құнан қой,
Құйрығынан шыр кетсе.
Өміріннің соңы де,
Алпыс екі тамырдан
Жүріп тұрған қан кетсе.
1936

ЛЕНИН ЖОЛЫ

Ленин ердің ері, данышпаны,
Болжаған болашақты алыстағы,
Әлемнің коммунистік ертеңі үшін
Ақылын, абзал ойын бағыштады.
Халық үшін өмір бойы еңбек етіп,
Жауызбен бір талмастан алысқаны.
Адамға өшпейтұғын өмір ашып,
Мәңгілік еңбекші елім шам ұстады,
Лениннің іске асқан соң салған жолы,

Тізгінді еңбекшілер табы ұстады.
Құтайды колхоз, совхоз шаруа шалқып,
Табыспен елім алға қарыштады.
Айтқаның, өсиетін бұлжытпастан
Партия Ленин жолын дәл ұстады.

Большевик халықпенен біткен қайнап,
Жаңа өмір, жаңа дүние өскен жайнап.
Біздерге Ленин жолы мәңгілік жол,
Әділет, теңдігі оның әлемге айғақ.
Тарады Ленин ісі жер жүзіне,
Бар халық жігерленді күші қайнап.

1937

АҚИЫҚ

Аспанда қыран бүркіт шарықтаған,
Биіктен жер бедерін анықтаған.
Шындарын құзар таудың асып ұшып,
Үстімен ормандардың қалықтаған.
Екпіні дауыл болып шабыттанған.
Мұз балақ, қияқ қанат құйылғанда,
Қадалса отты көздер қарсы келіп,
Есінен талай жыртқыш танып қалған.
Майданда кескілескен қанды шайқас
Жауынан «жүрек жұтқан» қаймықпаған.
Тұяғы тиген жерден бүріп алып,
Аспанға ұшқанында талықпаған.
Қайраты мен қуаты қосылғанда
Жыртқышты бет қаратпай, қамыттаған.
Қаңтарда боз қыраулы жұмыртқалап,
Шайқалып ақ уызы толықтаған.

Жарына жақпар тастың ұя салып,
Баулыған балапапы шалықтаған.
Сары үрпек, сары қанат ұрпағына
Тал түсте тоят іздеп, жорықтаған.
Бөріні бөрік құрлы көрмей тіпті
Қияға сайдан іліп қонып тынған.
«Ұяда нені көрсе соны алар» деп,
Айтыпты ырзалығын халық бұған!

ЖАМБЫЛ

Партия, Ленин дана болып басшы,
Бақыттың еңбекші елге жолын ашты.
Бұлақтай өнер қайнап, өмір жайнап,
Күн сайын өрлеп халқым алға басты.
Ерлерім самолетпен көкті шарлап,
Солтүстік мұз мұхиттан да әрі асты.
Дәуірі дана көсем Лениннің
Бұлақтың талай біткен көзін ашты.
Толықсып тоқсан жаста Жамбыл қартым,
Думанға қайта жасап араласты.

Алатау бұлттан асқан сала-сала,
Аяғы байлығы мол гүлді дала.
Бауырында Жамбыл ақын отыр сайрап,
Сырлаған он бес перне домбыра да.

Көтеріп кең кеудесін, қолды сермеп,
Шарықтап көңілі тасып, аспанға өрлеп.
Көмейден жыр бұлағын фонтандатып,
Ақтарып асыл сөзді терең тербеп.

Токсанда Жамбыл отыр күйін шертіп,
Жаңарып қайта жасап, жастай өршіп.
Көп ұлтты ынтымақты Ұлы Отанның,
Жас талант ақындарын соңына ертіп.
Дәулетті ұйымдасқан колхоз ауылы
Мұхиттай кең өлкемде жатыр көлкіп.
Жастарды өрге өршітіп тағалаған,
Жасартып қарт адамды бағалаған.
Қуаныш ел жүрегін жырға бөлеп,
Орнатқан Ленин дана алтын заман.
Отаным гүл жайнаған бейне бақша,
Қадірлі, еркін, азат елімде адам.

Шаттықтың Жамбыл отыр жырын жырлап,
Мәнерлеп сұлу сөзін нұрмен сырлап.
Ленин дәуірінің, бақытты елі
Сүйсініп асыл сөзін отыр тыңдап.
1938

ҚЫРАҒЫ ҚЫРАН

Тоғысқан тоқсан жолдың торабында,
Алатау, Кавказ, Қырым алабында.
Тартысты талай-талай болды оқиға
Патшаның қара түнек заманында.

Сол жерді бір «қорқау» көп мекендеді,
Таңынан жарып жеді бөкендерді.
Сонда да көзі тоймай еш нәрсеге,
Оңаша кездескенді жеке жеді.